



**№ 120 сәбилер
- бақшасының
әдіскері**



**Замзагуль
Тлеубайқызы
Панова**





Тақырыбы:

**Этнопедагогика элементтерін қолдану
арқылы мектеп жасына дейінгі
балалардың тілдік қатынастарын дамыту**



Мақсаты:


**Қазақ этнопедагогикасы арқылы
балалардың дүниетанымын
қалыптастыру, табиғат пен қоғамның
негізгі сырларын танып білуге
тәрбиелеу, ұлттық асыл мұраларымызға
қызығушылығын арттыру.**



Міндеттері:

- Қазақ этнопедагогикасы негізінде тиімді әдіс тәсілдерді қолдану арқылы тәрбиелеу, білім беру жұмыстарын жетілдіру;
- Тәрбиелеу мен білім беруде материалдарды тақырыптық жүйеле үйлесімді қолдану;
- Еліміздің ертеңін ойлар ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру;

Қазақ балалар фольклоры арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру



Салт-дәстүрлер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру

Салт – дәстүрлер





ҚАЗАҚТЫҢ БАЙЫРҒЫ ӨЛШЕМДЕРІ



Бір уыс



Қос уыс




Шымшым




Шөкім




Өнер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру



Ұлттық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру



Ұлттық өлке табиғаты арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру




ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫН ӘР САБАҚТА ҚОЛДАНУ ҮЛГІСІ


Пән аттары	Қазақ этнопедагогикасы материалдары				
	Қазақ балалар фольклоры	Салт- дәстүрлер	Ұлттық өнер	Ұлттық ойындар	Этноэкология
Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру	<i>Санамақтар:</i> жұмбақ-санамақтар, сюжеттік санамақтар	<i>Қазақтың байырғы өлшем бірліктері:</i> қос уыс, бір уыс, шөкім, шымшым, жұдырық, жұмырық, қарыс, құлаш, құшақ, адым, аттам т.б.	Өнер адамдарының қолынан жасалған бұйымдарды киімдерді, ыдыс-аяқтарды көлеміне, түстеріне қарай салыстыру және санау.	<i>Ақыл-ой қабілетін жұмсайтын ойындар:</i> «Жаңылма», «Бұғнай», «Байқап қал», «Біз де», есеп ойындары т.б.	
Айнала қоршаған ортамен таныстыру және экология	Маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдер, сұрамақтар, қызықтамалар,	<i>Тұрмыстық салт-дәстүрлер:</i> ұлттық тағамдар, ұлттық көліктер, жауынгерлік қару-жарақтар, ат әбзелдері, <i>әлеуметтік мәдени-салт дәстүрлер:</i> қазақ хандары, билері, батырлары, ырымдар мен тыйым сөздер, ұлттық мерекелер.	Табиғаттың әсемдігін жыл мезгілдеріне арналған әндер мен күйлерден үзінді тындату.	Табиғи материалды қолданып ойнайтын ойындар: «Хан талапай», «Ат жарысы», «Нәби», «Бес тас», «Асық ату» т.б. <i>Хайуанаттар дүниесін елестетіп ойнайтын ойындар:</i> «Көк сиыр», «Ақ байпақ», «Аш қасқыр», «Қасқұлақ», «Ит пен қояндар» т.б.	табиғат құбылыстары атаулары: қар атаулары (ақша қар, қасат ақар, үйме қар), жаңбыр атаулары (ақ жаңбыр, соқыр жаңбыр, бұршақ) үй хайуанаттары түз хайуанаттары, құстар



(ЖАЛҒАСЫ).

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫН ӘР САБАҚТА ҚОЛДАНУ ҮЛГІСІ

<p>Тіл дамыту, көркем әдебиет және сауат ашу</p>	<p>Қазақ балалар фольклорының барлық түрлері: балалар айтысы, өтірік өлеңдер, тәжікелесулер, сұрамақтар, қызықтамалар,</p>	<p>Бесік жырлары, бата-тілектер, тыйым сөздер, ұлттық бұйымдар, киімдер, тағамдар, жиһаздар туралы әңгіме.</p>	<p>Қол өнері: халық шеберлері және олардың қолынан жасалған бұйымдар жөнінде әңгімелесу. Саз өнері: халық әндерін, күйлерін тыңдау.</p>	<p>Сөзбен ойнайтын ойындар: «Сен тұр сен шық», «Құстар қалай үн қатады?», «Сөз табу», «Асау мәстек» т.б.</p>	<p>Хайуанаттар әлемі туралы әңгіме</p>
<p>Бейнелеу өнері</p>	<p>Қазақ балалар фольклорынан үзінділер қолдану.</p>	<p>Тұрмыстық салт-дәстүрлер: ұлттық бұйымдарды әшекейлеу.</p>	<p>Қол өнері: халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдар.</p>		<p>Үй және түз хайуанаттарын, табиғат құбылыстарын бейнелеу.</p>
<p>Ән-күй</p>	<p>Балалар айтысы: қыз бала мен ер баланың айтысы, Біржан мен Сара айтысы, бала мен жануарлар айтысы т.б. өтірік өлеңдер</p>	<p>Бала тәрбиесімен байланысты салт-дәстүрлер: шілдехана, тұсау кесу, бесікке салу, бесік жырын айту, ұлттық мерекелерді тойлау</p>	<p>Саз өнері: халық әндері, күй, би өнері, ұлттық аспаптармен таныстыру.</p>	<p>Әуендік ойындар: «Тақсыр хан», «Қай аспаптың үні?», Жануарлардың даусын салу» т.б.</p>	<p>Үй және түз хайуанаттар құлықтарын әуен арқылы бейнелеу.</p>
<p>Дене тәрбиесі</p>		<p>қазақша отыру түрлері: жүгініп отыру, жүрелеп отыру, малдас құрып отыру, жамбаспен отыру, жату түрлері: етпетінен жату, қырымен жату, шалқайып жату, жантайып жату, т.б.</p>	<p>Ойын барысында халық әндерін, күйлерін пайдалану..</p>	<p>спорттық ойындар: «Тенге алу», «Жаяу көкпар», «Тауық күрес», «Қол күрес», «Ат жарысы» т.б. қимыл-әрекет ойындары: «Күн мен түн», «Күзетші», «Қамалды қорғау», «Орныңды тап»,</p>	



*“Сабақ беру жай ғана шеберлік емес,
ол-жаңадан жаңаны табатын өнер”*

Ж.Аймауытов

ҚАЗАҚША ОТЫРУ ЖӘНЕ ЖАТУ ТҮРЛЕРІ



Малдас кұрып отыру



Жамбаспен отыру



Жүрелен отыру



Жүгінш отыру





Қырымен жату



Жантайып жату



Бүктүсіп жату



Шынтақтап жату

ҚМУҚ сабақтың үлгісі

Тақырыбы: «1» саны мен цифры

Мақсаты: Көп, аз, артық, кем ұғымдарын тиянақтай түсу. Мақал мәтелдердегі «көп», «аз», «артық», «кем» сөздерінің ішкі мазмұнын түсіндіру. «1» санына қатысты санамақтың ашу. Математика сабағы арқылы балалардың дүние танымын қалыптастыру.

Керекті құралдар: үлкен, кіші, аз, көп заттардың суреттері.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, көркем сөз (мақал-мәтелдер, санамақтар), мадақтау.

Сабақ барысы:

Балалар педагогтың көмегімен қоршаған ортадағы заттардың көп, аз, артық, кемін айтады.

Мәселен, орындықтар көп, үстелдер аз, терезелер көп, есіктер аз, үстелдерден орындықтар артық, терезелерден есіктер кем т.б.

Педагог балаларға жоғарыда аталған ұғымдарға байланысты мақал – мәтелдер айтады.

Балалар мақал – мәтелдегі математикалық ұғымдарға қатысты сөздерді тауып, мағынасын түсіндіреді.

Көп ойлаған табар,

Аз сөз алтын,

Көп үрлеген жағар.

Көп сөз көмір.

Көп түкірсе көл болады.

Кең болсаң, кем болмайсың.

Сергіту сәті

“Бір”, “жалғыз” ұғымын “1” санымен байланыстыра отырып түсіндіріледі: Бір бала немесе жалғыз бала, бір ағаш немесе жалғыз ағаш. “1” цифрының жазылу ерекшелігі көрсетіледі. Бұл сәтте бір санына байланысты санамақ қолданылады:

Мені келсе білгің,

Мен таяқша бірмін.

Ата - әжеге жол бастап,

Оң қолында жүрмін.

Санамақтың мазмұнымен таныстыру кезінде ата- әжелердің таяғына, шырпыға, діңгекке, қазыққа, үстел орындықтардың бір аяғына “1” цифры ұқсайтындығы түсіндіріледі. Балалар “1” цифрын ауаға, тақтаға, қағазға жазып үйренеді.


Ойын: “1” цифрына ұқсас заттарды тап.

Балалар қоршаған ортадағы “1” цифрына ұқсас заттарды атайды.

Педагог сабақты қортындылайды. Сабаққа жақсы қатысқан балаларды мадақтайды.







**Этнопедагогика элементтерін қолдану
арқылы мектеп жасына дейінгі
балалардың тілдік қатынастарын дамыту
мақсатында үйірме клубтары ашылды**

Ұлттық ойындар клубы



Шебер қолдар клубы





**Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға
Абай**